

АНЫҚТАМА

О. Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебі

2025–2026 оқу жылы

Педагог-ассистент: Гүлжанат Алмурзаева

Сыныбы: 3 «Б»

Оқушы: Әбдіхамит Мұстафа

Жылдық жұмыс бағыттары мен тақырыптары бойынша 1-тоқсанға анықтама

2025–2026 оқу жылы барысында педагог-ассистент Гүлжанат Алмурзаева ерекше білім беруді қажет ететін оқушы Әбдіхамит Мұстафамен және 3 «Б» сынып оқушыларымен бірлесе отырып жүйелі түрде түзете-дамыту, сергіту және танымдық жұмыстар жүргізді.

Жұмыстар оқу-тәрбие үдерісін қолдауға, оқушылардың психологиялық және әлеуметтік бейімделуін дамытуға, сонымен қатар сөйлеу, ойлау, ұсақ моторика және өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын жетілдіруге бағытталды.

1. Қыркүйек – Диагностика, бейімделу Оқушы мінез-құлқын, оқу қарқынын бақылау. Құжаттармен танысу. Мұғаліммен байланыс орнату. Бастапқы диагностикалық парак толтыру.

Мақсаты: Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара түсіністік пен сенімді қарым-қатынас орнату, сыныптастарымен тіл табысуға, өз ойын ашық жеткізуге үйрету.

Нәтиже: Оқушының жеке ерекшелігі айқындалып, жеке қолдау тәсілдері белгіленеді. Әбдіхамит Мұстафа пікір білдір кезінде өз ойларын анық жеткізуге талпынды.






Сонымен қатар 3 «Б» сыныбында үзіліс уақытында педагог-ассистент Гулжанат Алмурзаева сергіту сәтін өтті. Сергіту сәті барысында педагог-ассистент пен Әбдіхамит Мұстафа және оқушылармен бірлесе отырып «Меніңкөңіл-күйім» эмоцианалды қызықты фотолар түсірілді.

Менің көңіл-күйім сергіту сәтінің менің мақсаты: Оқушы мен мұғалімнің арасындағы тығыз қарым-қатынасты орнату. сыныптағы оқушылармен тіл табыса отырып жұмыс жасай алуға ықпал ету, сыныптастарының көңіл-күйлеріне шолу жасау.






2. Қазан – оқу тапсырмасын орындауға көмек. Қарапайым тапсырмаларды орындауға бағыттау. Тапсырмаларды түсініп орындауын бақылау. Қайта түсіндіру, үлгі көрсету жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушының мұғалім еңбегін бағалауға, ұқыптылық пен жауапкершілікке тәрбиелеу.

Нәтиже: Оқушы оқу әрекетіне бейімделіп, көмек арқылы тапсырманы орындай алады.



3 «Б» сыныбында буллинг тақырыбында тәрбие сағаты өтті педагог-ассистент Гүлжанат Алмурзаева Мұстафамен бірлесе отырып буллингтің алдын-алу жұмыстарын жіті түсіндірді.

Мақсаты: Оқушының өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Түрлі қысым көрсетулер мен әлуметтік желі бопсалаудан аулақ болуға тәрбиелеу.